

# Облыс демографиясы қандай?

Жанаргүл Мұқатай

Халқының саны жағынан біздің облыс республикада Оңтүстік Қазақстан, Алматы облысы мен Алматы қаласынан кейінгі 4-орында. Облыстық статистика басқармасының деректері бойынша қазіргі күні облыс тұрғындарының саны 1 395 918 адамды құраған.

Бір миллионнан асқан тұрғындарымыздың 58 пайызы қалада, 42 пайызы ауылдық жерлерде тұрып жатқан көрінеді. Өткен тоғыз айдың ішінде аймақта 17 159 сәби дүниеге келіп, көші-қон алмасуы нәтижесінде облыстан 13 400 адам сыртқа кеткен. Республиканың басқа өңірлеріне 10 мыңға жуық адам қоныс аударған. Аймақ тұрғындарының саны шеттен келген қандастарымыздың есебінен

едәуір артқаны байқалады. Қытайдан 1482, Моңғолиядан 250 адам келіп қоныстанған. Германиядан 22, өзге облыстардан 4 400 адам келген.

Облыстық статистика басқармасы мамандары өткізген баспасөз мәслихатында мәлім болғандай, сонымен бірге биыл 16 мыңнан астам өңір тұрғындары қоныс аударған, олардың басым бөлігі Өскемен, Семей қалалары мен Глубокое ауданына көшіп келген.